

ТАЛДЫҚОРҒАН ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Қарастырылды»

№ 8 “Құрылыс, кәсіптік оқыту және техникалық пәндер кафедрасы” хаттама № ___

Кафедра _____ меңгерушісі

Айтқалиев Е.А.

« ___ » _____ 2026 ж

«Бекітемін»

Директордың оқу-ісі жөніндегі жөніндегі орынбасары

М. К. Баяхметов

2026 ж



Демонстрациялық емтиханға арналған тапсырма

Мамандық: 01140800 – Кәсіптік оқыту (салалар бойыншы)

Біліктілік: 5AB01140501 Кәсіптік оқыту қолданбалы бакалавры

Курс: 3 **Топ:** ПВ-316

Дайындаған: Г.Ж.Абдукалиева арнайы
пәндер оқытушысы

Талдықорған 2026ж

Мазмұны

Кіріспе	1
Тапсырмалардың сипаттамасы	1
Қатысушыларға арналған нұсқаулар	6
Жабдықтар, құралдар және қажетті материалдар	8
Бағалау схемасы	10
Қосымша	11

Кіріспе

Демонстрациялық емтиханға арналған тапсырма, емтихан тапсырушыларға "Кәсіптік оқыту" мамандығының қолданбалы бакалавры біліктілігі бойынша дағдыларды көрсетуге мүмкіндік беретін тәуелсіз модульдерден тұрады.

Модульдерді орындау барысында емтихан тапсырушылардың білім мен дағдылары тексерілуі мүмкін тиісті спецификациялары бойынша.

Демонстрациялық емтиханға арналған тапсырма дәйекті түрде орындалатын бірнеше модульдерден тұрады. Бағалау модульдердің жұмысына да, емтихан тапсырмасын орындау процесіне де қатысты жүргізіледі. Егер емтиханға қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа емтиханға қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы емтиханнан шеттетілуі мүмкін.

Тапсырмалардың сипаттамасы

№ п/п	Модуль/ критерий атауы	Балл	Орындау уақыты
1	Модуль А. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, оқу модульдерінің бірінен ("КМ 7. Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру", "КМ 14. Өндірістік оқыту әдістемесін қолдана отырып сабақтар өткізу") сабақ жоспарын құрып, үзіндісін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу	48	
	А1. Сабақ жоспарын әзірлеу (<i>өндірістік оқыту сабағы</i>)		Дайындық - 1сағат 30 минут
	А2. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, сабақтың үзіндісін (ағымды нұсқаулық кезеңі) көрсетуге дидактикалық материалдарды дайындау		Дайындық – 1сағат 30 минут

	А3. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, таңдаған оқу модулі бойынша сабақ үзіндісін (ағымды нұсқаулық кезеңі) өткізу		Дайындық - 5 мин Демонстрацияға дайындау -5 мин Демонстрация-15 мин
2	Модуль В. Таңдаған тақырып бойынша білімдерін бекіту немесе бағалау тапсырмасын дайындап, критериалды бағалау парағын әзірлеу (цифрлық ресурстар қолдану)	30	Дайындық – 1 сағат 30 минут Демонстрацияға дайындау-5 мин Демонстрация – 15 мин
3	Модуль С. Таңдалған тақырып бойынша тәрбие сағатын әзірлеу және өткізу	22	Дайындық – 1 сағат 30 минут Демонстрацияға дайындау-5 мин Демонстрация-15 мин

Модуль А. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, оқу модульдерінің бірінен ("КМ 7. Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру", "КМ 14. Өндірістік оқыту әдістемесін қолдана отырып сабақтар өткізу") сабақ жоспарын құрып, үзіндісін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу.

Тапсырма А1. Сабақ жоспарын әзірлеу (өндірістік оқыту сабағы).

Мақсаты: Сабақ жоспарын жасау қабілетін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: Интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақ жоспарын құру (өндірістік оқыту сабағы).

Тапсырманы орындауға арналған уақыт шегі: 1 сағат 30 минут (қатысушы инфрақұрылымдық парақта көрсетілген материалдарды пайдаланады).

Тапсырма:

1. Оқу мақсатын анықтаңыз.
2. Сабақ кезеңдерін, оларға сәйкес келетін міндеттерді және жоспарланған нәтижелерді анықтаңыз.
3. Сабақ құрылымы мен барысын әзірленіз.
4. Білім алушылардың қызметін ұйымдастырудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын анықтаңыз.
5. Дидактикалық құралдар мен интерактивті жабдықты анықтаңыз.
6. Үлгіге мәтін енгізіңіз (1-қосымша)
7. Сабақ жоспарын басып шығарыңыз және оны сарапшыларға беріңіз.

Ескерту: Сабақ жоспары интернет желісінің материалдарын пайдаланбай әзірленеді.

Тапсырма А2. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, сабақтың үзіндісін (ағымды нұсқаулық кезеңі) көрсетуге дидактикалық материалдарды дайындау.

Мақсаты: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, сабаққа дидактикалық материалдар мен сабақ материалдарын жасау қабілетін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: дидактикалық материалдар, ақпараттық ресурстар (презентациялар, интерактивті оқу ресурсы, флипчарттар).

Тапсырманы орындауға арналған уақыт шегі: 1 сағат 30 минут (емтихан тапсырушы инфрақұрылымдық парақта көрсетілген материалдарды пайдаланады)

Тапсырма:

1. Әзірленген жоспар негізінде сабаққа дидактикалық материал жасаңыз.
2. Сабақта қызмет ету үшін қажетті интерактивті жабдықты пайдалану үшін материалдар дайындаңыз.
3. Білім алушылардың қызметін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындау.

Тапсырма А3. Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, таңдаған оқу модулі бойынша сабақ үзіндісін (ағымды нұсқаулық кезеңі) өткізу.

Мақсаты: заманауи білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, әзірленген жоспарға сәйкес сабақтың үзіндісін өткізу қабілетін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақтың үзіндісін көрсету (ағымды нұсқаулық кезеңі).

Тапсырманы ұсынуға уақыт шегі: 15 минут.

Контингент: емтихан тапсырушылар (8 студент).

Тапсырма:

1. Сабақты көрсетуге дайындаңыз (5 мин).
2. Әзірленген жоспарға сәйкес сабақтың үзіндісін көрсетіңіз.
3. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде заманауи білім беру технологияларының элементтерін және интерактивті жабдықты меңгеруін көрсету (мотивациялық, оқу міндетін қою, оқу әрекеті, бақылау, өзін-өзі бақылау, бағалау және өзін-өзі бағалау әрекеттері).

Модуль В. Таңдаған тақырып бойынша білімдерін бекіту немесе бағалау тапсырмасын дайындап, критериалды бағалау парағын әзірлеу (цифрлық ресурстар қолдану).

Мақсаты: Белгілі бір тақырып бойынша меңгерген білімдерін жүйелеу, пысықтау немесе бағалау мақсатында цифрлық ресурстарды (мысалы, Wordwall, Kahoot, Quizizz, LearningApps, т.б.) пайдалана отырып тапсырма

әзірлеу және соған сай критериалды бағалау парағын дайындау қабілетін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: Бұл тапсырма сабақты қорытындылауда немесе белгілі бір тақырып бойынша оқушылардың жетістіктерін анықтау үшін қолданатын бағалау құралы ретінде қолданылады. Мұнда қатысушы өз таңдаған тақырыбына сай цифрлық бағалау тапсырмасын әзірлейді.

Тапсырманы орындауға арналған уақыт шегі: 1 сағат 30 минут

Тапсырма:

1. Онлайн тест құру.

Нұсқау:

- Цифрлық платформаларды қолдану арқылы тақырып бойынша 5 сұрақтан тұратын, 4-тен көп нұсқалы, 1 дұрыс жауабымен тест құру.
- Сұрақтар нақты және түсінікті болсын.

2. Интерактивті тапсырма құрастыру

Нұсқау:

- Платформаны таңдаңыз (мысалы: LearningApps, Wordwall немесе Quizizz т.б.).
- Тақырыпқа сай сұрақтар құрастырыңыз (кемінде 5 сұрақ).
- Дайын тапсырма сілтемесін жіберіңіз.

3. Тақырып бойынша білімді бағалауға арналған критериалды бағалау парағын құрастырыңыз (2-қосымша)

Модуль С. Таңдалған тақырып бойынша тәрбие сағатын әзірлеу және өткізу

Мақсаты: Таңдалған тақырып бойынша тәрбие сағатын әзірлеу және өткізу қабілетін көрсету (3-қосымша)

Нысанның сипаттамасы: тәрбие сағатын көрсету

Тапсырманы орындауға уақыт шегі: 1 сағат 30 мин

Тапсырманы ұсынуға уақыт шегі: 15 минут.

Контингент: емтихан тапсырушылар (8 студент).

Тәрбие сағатын өткізуге қойылатын талаптар: 3-қосымша.

Тапсырма:

1. Тәрбие сағатының тақырыбын таңдау
2. Тәрбие сағатын өткізудің мақсаты мен міндеттері мен нысанын анықтау
3. Тәрбие сағатының құрылымы мен барысын әзірлеу
4. Мазмұнын анықтаңыз.
5. Материалдар мен жабдықтарды таңдаңыз

6. Жұмыстың аяқталғаны және тапсырманы көрсетуге дайын екендігі туралы сарапшыларға хабарлау.
7. Тәрбие сағатының демонстрациясына кабинетті дайындаңыз (5 мин).
8. Тәрбие сағатын өткізу

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР

"Кәсіптік оқыту" құзыреттілігі бойынша демонстрациялық емтихан тапсырмаларын өз бетінше орындауға жіберіледі:

- ТЖКББМ "еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама бағдарламасы" бойынша еңбекті қорғау нұсқамадан өткен студенттер;
- еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен танысқандар;
- құрал-сайманды, жабдықта бірлескен жұмыс құралдарын пайдалану бойынша қажетті дағдылары бар студенттер;
- денсаулық жағдайы бойынша емтихан тапсырмаларын орындауға қарсы көрсетілімдері жоқ студенттер.

Тапсырмаларды орындау барысында студент сақтауға міндетті:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі Нұсқаулықты;
- жеке гигиенаны сақтау;
- қатаң белгіленген жерлерде тамақтану;
- емтихан тапсырмасын орындауға рұқсат етілген құрал мен жабдықты өз бетінше пайдалануға.

Емтихан тапсырмасын орындау кезінде қатысушыға зиянды және (немесе) қауіпті факторлар әсер етуі мүмкін:

Физикалық:

- жоғары шу;
- тапсырмаларды орындау кезіндегі статикалық қалып.

Химиялық: жоқ

Психологиялық:

- шамадан тыс назар аудару;
- көру жүктемесінің жоғарылауы;
- жауапкершілікті арттыру.

Емтихан тапсырмасын орындау кезінде қолданылатын жеке қорғау құралдар: құлаққаптар

Жазатайым оқиға немесе қатысушы ауырған жағдайда бұл туралы Бас сарапшы дереу хабардар етіледі. Қатысуға қосымша уақыт тағайындау туралы шешімді Бас сарапшы қабылдайды. Емтиханға қатысушы ауруына немесе жазатайым оқиғаға байланысты одан әрі қатысудан шеттетілген жағдайда, ол кез келген аяқталған жұмысы үшін ұпай алады.

Жұмыс басталар алдындағы еңбекті қорғау талаптары

Жұмысты бастамас бұрын студенттер орындауы керек: барлық қатысушылар қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықпен, өрт туындаған кезде эвакуациялау жоспарларымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар орналасқан орындармен танысуға, құзыреттіліктің техникалық сипаттамасына сәйкес жұмыс орнын дайындауға тиіс. Танысқаннан кейін қатысушылар барлық процестермен танысқандарын техника қауәпсіздік журналына қол қою арқылы растайды.

Жұмыс орнын дайындау:

- құрал-саймандар мен шығын материалдарының бар-жоғын тексеру;
- жабдықтың дайындығын тексеру.

Демонстрациялық емтихан өткізілетін күні тапсырма модульдерінің мазмұны мен тәртібін, сондай-ақ оларды орындаудың қауіпсіз тәсілдерін зерделеу.

Материалдар мен жабдықтардың жарамдылығын көзбен шолу арқылы тексеру.

Тапсырманы орындауды бастамас бұрын, жұмыс орнын дайындау процесінде:

- жұмыс орнын тексеру және ретке келтіру;
- жарықтың жеткіліктілігіне көз жеткізу;
- жабдықты электр желісіне қосудың дұрыстығын (көзбен) тексеру;
- үстелдің, орындықтың, жабдықтың және құралдың орналасуының дұрыстығын тексеру, қажет болған жағдайда ыңғайсыз қалыптар мен дененің ұзақ мерзімді кернеулерін болдырмау мақсатында ақаулықтарды жою үшін сарапшыға жүгіну.
- жұмыс үшін қажетті материалдарды, құрылғыларды дайындаңыз және оларды өз орындарына орналастырыңыз, жұмыс үстелінен артық заттарды алып тастаңыз.

Демонстрациялық тапсырмаларды орындау және жұмыс орындарын жинау кезінде:

- мұқият болу керек, басқа қатысушылармен сөйлеспеу керек;
- осы нұсқаулықты сақтау;
- жабдықтарды, механизмдер мен құралдарды пайдалану ережелерін сақтауға, оларды механикалық соққыларға ұшыратпауға, құлауға жол бермеуге;
- жұмыс орнында тәртіп пен тазалықты сақтау;
- жұмыс құралы оны айналдыру және құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырылуы керек.

Жұмыс аяқталғаннан кейін еңбекті қорғау талаптары

Жұмыс аяқталғаннан кейін әрбір қатысушы міндетті:

1. Жұмыс орнын ретке келтіруге.
2. Материалдарды сақтауға арналған арнайы орынға орналастыруға.
3. Тапсырмаларды орындау кезінде анықталған жабдықтың ақаулары мен демонстрациялық тапсырманы орындау қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да факторлар туралы сарапшыға хабарлауға.

Жабдықтар, құралдар және қажетті материалдар

Жабдықтар

Ноутбуктар	Ноутбуктар үшін ұсынылатын жүйелік талаптар: Диагональ 24 Intel Core i5-1135g7 2.40 GHz процессоры Интеграцияланған графикалық карта 8 ГБ жедел жады Windows 11 операциялық жүйесі SSD көлемі 480
Құлаққаптар (мүмкіндігінше дыбыс өткізбейтін)	
Тышқан	
Желілік сүзгі	

Қатысушы тапсырмаларды орындау үшін келесі онлайн платформаларды электрондық материалдарды пайдаланады

1	Learningapps	Онлайн платформа
2	Wordwall	Онлайн платформа
3	SmartLearningSuite	Онлайн платформа
4	Canva	Онлайн платформа
5	Google Презентации	Онлайн платформа
6	Мемлекеттік тілдегі оқу бағдарламалары	электронды құжат
7	Оқулықтар	электронды құжат
8	Шаблон (Өндірістік оқыту сабағының жоспары)	электронды құжат
9	Шаблон (критериалды бағалау парағы)	электронды құжат
10	Тәрбие сағатын өткізуге қойылатын негізгі талаптар	электронды құжат

Ескерту:

* * Бірыңғай материал әрбір қатысушының компьютеріне жүктеледі

Қатысушыға арналған шығын материалдары

Материалдар	Сипаттама	Саны
USB-флеш-накопитель	Объем памяти не менее 8 GB	1 (қаптамада)
Қағаз А4	Ақ	180 парақ
Түсті қағаз	16 парақ жинағы	1 қаптама
Қалам	Шарикті қалам	9 дана
Қарындаш	Қарапайым қарындаш ТМ	9 дана
Кеңсе қайрауышы	Кеңсе қайрауышы	1 дана
Сызғыш	Ағаш немесе пластик	4 дана
Қайшы	Кеңсе қайшылары	2 дана
Өшіргіш	Өшіргіш жұмсақ ақ	2 дана
Түсті маркерлер	Маркерлер түрлі-түсті, өшірілетін /жасыл, көк, қызыл, қара, қаптама	1 қаптама
Фламастерлер	12 түсті фломастер жиынтығы	1 қаптама
Магниттер жиынтығы	Қаптама 8 дана	1 қаптама
Стикерлер	Жабысқақ жиегі бар жабысқақ жазбалар	1 қаптама
Ватман	Ватман А3 (297*420мм)	4 дана

Жеке есептік жазбаны және дайын дидактикалық материалдары бар сайттарды пайдалануға тыйым салынады.

БАҒАЛАУ СХЕМАСЫ

Демонстрациялық тапсырманы бағалау мынадай критерийлерге (модульдерге) негізделетін болады:

Модуль	Критерий	Бағалау		
		Субъективті	Объективті	Жалпы
А	Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, оқу модульдерінің бірінен ("КМ 7. Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру", "КМ 14. Өндірістік оқыту әдістемесін қолдана отырып сабақтар өткізу") сабақ үзіндісін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу	10	38	48
В	Таңдаған тақырып бойынша білімдерін бекіту немесе бағалау тапсырмасын дайындап, критериялды бағалау парағын әзірлеу (цифрлық ресурстар қолдану)	7	23	30
С	Таңдалған тақырып бойынша тәрбие сағатын әзірлеу және өткізу	-	22	22
		17	83	100

ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕГЛАМЕНТІ

Сарапшылар келесі рәсімдерден өтуді көздейді:

- бағалау схемасын талқылау (критерийлер мен аспектілер);
- сарапшылар арасындағы рөлдерді бөлу;
- ТБ және ОТ бойынша сарапшылардың нұсқамасынан өту;
- жабдықты жұмысқа дайындау және тексеру.

Емтиханға қатысушылар келесі рәсімдерден өтеді:

- қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарды (көшірмелерді) тіркеу, тексеру және тапсыру ;
- Демонстрациялық емтихан тапсырмасы бойынша түсініктемелер мен толық нұсқаманы тыңдау;
- ҚТ және ЕҚ бойынша қатысушылардың нұсқамасын тыңдау, және ҚТ бойынша хаттамаларға қол қою;
- жұмыс орнын таңдау және жабдықтарды тестілеу.

1-қосымша Өндірістік оқыту сабағының жоспары

Сабақ жоспары №

Күні:		Оқытушы :		
Курс, топ:		Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Модуль /пән атауы:				
Сабақтың тақырыбы:				
Сабақтың типі:				
Сабақтың мақсаты, міндеттері:				
Бағалау өлшемдері :				
Құндылықтарды қалыптастыру:				
Күтілетін нәтиже:				
Ресурстар:				
Сабақ жоспары				
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттің іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы				
Сабақтың ортасы				
Сабақтың соңы				

2-қосымша Критериалды бағалау парағы

№	Тапсырма	Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Ұпай
1				
2				
3				

Кураторлық сағат			
Күні:			
Топ жетекші:			
Топ: ПВ-416			
Кураторлық сағатының тақырыбы:			
Кураторлық сағатының мақсаты:			
Қауіпсіздік сабағының мақсаты:			
Қауіпсіздік сабағының міндеті:			
Құндылықтарды дарыту:			
Апта дәйексөзі:			
Кураторлық сағатының барысы:			
Кураторлық сағатының уақыты \ кезеңі	Топ жетекшінің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Кураторлық сағатының басы 10 мин			
Кураторлық сағатының ортасы 20 мин			
Қауіпсіздік сабағы 10 мин			
Кураторлық сағатының соңы 5 мин			

Тәрбие сағатын өткізуге қойылатын негізгі талаптар:**1. Мақсаттылығы**

- Сағат нақты тәрбиелік мақсатқа құрылуы керек (мысалы: патриоттық тәрбие, экологиялық тәрбие, адамгершілік тәрбие).
- Мақсат жас ерекшелігіне, топ деңгейіне сәйкес анықталуы тиіс.

2. Жоспарлылық

- Тәрбие сағаты оқу орынының тәрбие жоспарына сай алдын ала жоспарланып, бекітілуі керек.

- Жоспарда: тақырып, мақсат, міндеттер, әдіс-тәсілдер, көрнекіліктер, іс-шара барысы анық көрсетілуі қажет.

3. Актуалдылық (өзектілік)

- Тақырып қазіргі заман талаптарына сай, оқушыларға жақын, маңызды болуы тиіс (мысалы: интернет қауіпсіздігі, отбасы құндылығы, буллингке қарсы күрес т.б.).

4. Әдістемелік ұйымдастыру

- Сағатты өткізу барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолдану маңызды: пікірталас, сұрақ-жауап, рөлдік ойын, сахналық қойылым, бейнеролик көрсету, топтық жұмыс т.б.
- Белсенді әдістер арқылы оқушылардың қызығушылығы оянып, пікір айту қабілеті дамиды.

5. Оқушы белсенділігі

- Оқушылар тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болуы керек.
- Шығармашылық тапсырмалар, презентациялар, эссе, топтық пікірталастар арқылы оқушыны іске тарту қажет.

6. Көрнекілік

- Тақырыпқа сай слайдтар, бейнематериалдар, суреттер, плакаттар қолдану ұсынылады.
- Көрнекілік тәрбиелік әсерді арттырады.

7. Қорытынды жасау

- Сағат соңында қорытынды жасалып, тәрбие мәні нақты түсіндіріледі.
- Оқушылардың пікірлері тыңдалып, өмірлік үлгі тұтарлық ой айтылуы керек.

8. Бағалау және рефлексия

- Сағат соңында оқушылардан рефлексия алу: "Не ұнады?", "Не үйрендім?", "Не туралы ойландым?".
- Оқытушының тарапынан талдау, болашақта жетілдіру жолдары қарастырылады.

Тәрбие сағатын өткізуге ұсынылатын тақырыптар:

1. "Тәуелсіз Қазақстан – менің Отаным!"

– Отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық тәрбие.

2. "Жастар және рухани жаңғыру"

– Ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту.

3. "Зиянды әдеттерден аулақ бол!"

– Темекі, ішімдік, есірткі сияқты зиянды әрекеттердің зияны.

4. "Интернеттегі қауіптер және кибермәдениет"

– Ақпараттық қауіпсіздік және дұрыс интернет қолдану.

5. "Адалдық – адамдықтың белгісі"

– Адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты моральдық құндылықтар.

6. "Отбасы – тәрбие негізі"

– Отбасының рөлі, ата-анаға құрмет, отбасылық құндылықтар.

7. "Мамандық таңдау – болашағыңның іргетасы"

– Кәсіптік бағдар, еңбекқорлық, өз болашағын жоспарлау.

8. "Экологиялық тәрбие – табиғатты аяла!"

– Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениет.

9. "Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы"

– Дәстүр, тіл, ұлттық мәдениетке құрмет.

10. "Құқықтық мәдениет және заңға бағыну"

– Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру.

11. "Жаңа ғасыр жастары – жауапты азамат"

– Азаматтық жауапкершілік, белсенді өмірлік ұстаным.

12. "Болашақ көшбасшы – бүгінгі студент"

– Көшбасшылық қасиеттерді дамыту, командамен жұмыс.

13. "Дұрыс қарым-қатынас – табысты өмір кілті"

– Коммуникациялық мәдениет, этика, тіл табысу, жанжалсыз шешім табу.